

**Көкшетау қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 21 қаңтардағы № А-1/83 "Көкшетау қаласы бойынша мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 1 қарашадағы № А-11/2062 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 25 қарашада № 3893 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № А-2/344 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 24.02.2016 № А-2/344 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкшетау қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № А-1/83 "Көкшетау қаласы бойынша мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-1-97 болып тіркелген, 2009 жылдың 5 ақпанында "Степной маяк" газетінде және 2009 жылдың 5 ақпанында "Көкшетау" газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе келесі мазмұндағы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағына сәйкес, Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары А.Б. Әміреноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК